

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№51 (7888)

Жұма

23 желтоқсан

2022 жыл


Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады



aktogai_red@mail.ru



www.facebook.com/a.ajary.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы болып өткені баршаға мәлім. Президент өз сөзінде еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері

отырмыз. Әкімдер жаңа талапқа бейімделе білу керек. Жобалық кеңсе жетекшілеріне де шынайы жағдайға орай ойлансып, прагматикалық тұрғыдан өрекет еткен жөн. Заманға қарай бейімделу керек. Өйтпесе, көп соңында қалуымыз мүмкін. Өділетті әрі дамыған мемлекет құру үшін жаңа кадр саясатын жүргізу керек. Алдағы өзгерістер, ең алдымен, адам капиталына қатысты болады. Жаңа кадр саясаты меритократия және кәсібилік қағидаттарына негізделеді, – деді Қ.Тоқаев.

Президент баға белгілеуді маңызды

Басты міндеттер айқындалды

талқыланып, алда тұрған басты міндеттер айқындалатынын атап өтті.

Сондай-ақ, ауылдық жерлерді дамыту мәселесіне де арнайы тоқталды. Мемлекет басшысы жаңа президенттік өкілеттігіне кіріскен сәтте, ең алдымен, Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасын өзірлеу туралы Жарлыққа қол қойғанын айтып, ауылды өркендетудің мүлдем тың тәсілдері керек екеніне назар аударды.

– Ауыл жұртының көпшілігінде жер үлесі бар. Бірақ халық оның игілігін көре алмай отыр. Азық-түлік қауіпсіздігі бүкіл әлем бойынша басты мәселеге айналды. Биыл біздің елде астық мол шықты. Бірақ егіннің орташа шығымы әлі де төмен. Бұл салада заманауи технологияны қолдану өте маңызды. Шаруаларды осыған ынталандыру керек. Сондай-ақ тыңайтқыштың қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу ісін жақсартуға баса назар аудару қажет. Мемлекет жыл сайын агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 350 миллиард теңгеден астам субсидия бөледі. Соған қарамастан, терең өңдеу өндірісі дамып жатқан жоқ. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ұлттық жобасындағы жоспарлар орындалмай жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Ел басшысы аса маңызды ұлттық жобалардың («Жайлы мектеп», «Ауылдық денсаулық сақтау», негізгі инвестициялық жобалар) орындалу барысын қадағалайтын Президенттің жобалық офісі өз жұмысын бастағанын хабарлады.

– Жобалық басқару саласындағы біліктілік мемлекеттік менеджерлер үшін бүкіл әлемде қалыпты стандартқа айналды. Ал біз оның не үшін керектігін түсіндіруден және орындаушыларды кеңсемен бірлесе жұмыс істеуге үгіттеуден аса алмай

мәселе ретінде атап өтті. Сондай-ақ азық-түлік бағасын өсірмеу үшін басты бағыттар бойынша нақты жұмыс жүргізу керек екеніне тоқталды. Азық-түліктің бағасы жыл мезгіліне қарай қатты өзгеретіні анық. Күзде су тегін нәрсе көктемде шарықтап шыға келетіні тағы бар. Президент айтып өткендей мұның шешімі – қойма инфрақұрылымын жасау керек. – Бірақ бұл бағыттағы жұмыс баяу жүріп жатыр. Былтыр 83 мың тонна өнім сақтайтын қойма салу жоспарланғанмен, оның 64 мыңы ғана пайдалануға берілді немесе жоспар 77 пайызға орындалды. Биыл жұмыс біршама жаңадан түсті: 98 мың тонналық қойма салу жоспарланып, соның 87 мың тоннасы қазірдің өзінде іске қосылды. Дегенмен бұл бағыттағы шаруаны әлі де ширата түсу керек – деп атап өтті Мемлекет басшысы. Бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігі елді өркендетудің басты шарты. Агроөнеркәсіп кешенін, өсіресе ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуді дамыту Үкімет пен әкімдер үшін басты басымдық болуға тиіс. Отырыс барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет мүшелері мен өңірлер әкімдерінің назарын халықты алаңдатқан бірқатар өзекті мәселені шешу қажеттігіне аударды. Президент инфляцияны және азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру, азаматтардың табысын арттыру және адами капиталды дамыту, ақша-несие және салықтық-бюджет саясатын жетілдіру, экономиканың нақты секторына қолдау көрсету, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, автожол инфрақұрылымын дамыту сияқты мәселелер бойынша нақты міндеттер жүктеді.

С.Сағымдықова,

Жидебай ауылдық округі әкімдігінің бас маманы.



Қарағанды қаласында Октябрь ауданына Әлихан Бөкейхан есімінің берілгеніне бір жыл толуына орай «Әлихан Бөкейхан – ұлт азаттық күрескері» атты танымдық-деректі фильмінің тұсауы кесіліп, көрерменге жол тартты.

Әлихан Бөкейхан – ұлт азаттық күрескер



Таяуда Қарағанды қаласында «Әлихан Бөкейхан – ұлт азаттық күрескері» атты деректі фильмнің тұсаукесері өтті. Танымдылық шара «Алаш Орда» автономиясының құрылғанына 105 жыл және азаткер тұлға есімінің Октябрь ауданына берілуіне 1 жыл толуына орай ұйымдастырылған Екі бөлімнен тұратын танымдылық туындының авторы-өлкетанушы Тұңғышбай Мұқанов пен оның немересі Медеу Әбәзар. Жас ізденуші М.Әбәзар былтыр дарынды оқушылардың республикалық шығармашылық байқауында жүлдегер атанып, есімі «Алтын кітапқа» енген. Ұлт қайраткері Әлихан Бөкейхан жайлы құнды деректерді келтіріп, халықтың жоғары бағасына ие болып үлгерген кинотуындыға Әлиханның шырақшысы атанған белгілі өлкетанушы Тұңғышбай Мұқанның ұзақ жылдар бойғы Әлихан Бөкейхан рухын ұлықтаудағы талпыныстары мен 1992 жылдан 2022 жылға дейінгі Арқа төрінде Алаш тақырыбына қатысты өткізілген рухани маңызы зор шаралар арқау болған.

Қазақтың ұлт-азаттық көтерілісіне арқау болған «Алаш Орда» партиясы көсемінің ұлы мақсатын дәріптейтін фильмді көруге келген көрермендердің қарасы қалың болды. Облыс, қала әкімдіктері туынды авторларына ұлттық дәстүрге тән құрмет қошемет көрсетті.

Тұңғышбай Мұқан фильмнің сценарий авторы, өлкетанушы: – 2021 жылдың 9 желтоқсан күні Қарағанды қаласының Октябрь ауданы деген көнерген атауының аттан түсіріліп, Алаш

қайраткері Әлихан Бөкейханның даңқты есімінің берілуі Арқа өңірінде Алаштың айбынды Ақордасының тігілгеніндей қуаныш сыйлады. Республика бойынша тарихи маңыздылығымен бұқаралық сипат алған бұл шешім, сонау аласапыран кезеңдегі жанкештілік күреспен құрылып, тұңғыш төраға болып Әлиханның өзі сайланған Алаш-Орда автономиясының замана тасқынынан талықсып жеткен азаттық жаңғырығындай болып сезілді. Алаш арысына арналып болашақта орнатылатын зәулім ескерткіштің орны белгіленді. Алайда Кеңестік дәуірдің тарпаң идеологиясы өбден санаға сіңіріп, ауызға алуға үрей туғызып келген «бұлар халық жауы» деген жалған жаланың зардабынан әлі толық арыла қоймаған жұртшылықтың өз орнын дәл тапқан бұл жаңа атауға ықыластарының бірден ауа қоймағандығын түсіністікпен қабылдауымызға тура келді. Десекте салғырттық сабырды сарғайтып, тағатымызды тауыспас үшін талпыныс жасауды зымыран уақыттың өзі ұсынды, – дейді Тұңғышбай Мұқан.

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының атқарушы хатшысы Бекзат Алтынбеков: – Осы фильм арқылы біз мың өліп, мың тірілген ұлттың ұрпағы екенімізді тағы бір дәлелдедік. Ақсақалдықтан абыздыққа өткен арқа тұтар Тұңғышбай Ағамыздың келешек ұрпаққа қалдырған ұлы мұрасының куәсі болдық, – деп туынды

(Жалғасы – 2 бетте.)

Әлихан Бөкейхан - ұлт азаттық күрескер

(Соңы. Басы 12-бетте.)

авторы Т.Мұқанға жүрекжарды ыстық лебізін білдіріп, иығына шапан жапты. «Бүгінгі игілікті істің басында жүрген Зарина қарындасым сендей қазақтың қайсар қыздары барда, өлі талай рухы биік адал ұрпақ дүниеге келеді!» деп жастарға жанашырлық танытқан Б.Қомарұлы 2023 жылы Арқаның үш арысы - Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Әбеуұлы, Жақып Ақбайұлы атындағы арнайы Үздік ғылыми жобаларға бөйге жариялайтынын хабарлап, Алаш тақырыбына қатысты үлкен жиын өткізгісі келетінін мәлім етті.

Мұнан соң сөз тізгіндеген айтыскер ақын Қуаныш Мақсұт: «Ә.Бөкейханға арналған көркем-публицистикалық туындылардың қатарына қосылған бұл танымдық фильм құнды мәліметтерге толы туынды. Ақсақалдар мен Жастар Алаш Идеясы төңірегінде біріксе осындай ауқымды жобалар абыроймен жүзеге асатынына көзіміз жетті,- деп өзінің алғысын жеткізіп, бұл тарихи туынды әуесқойлық деңгейде тоқтап қалмай, әрі қарай толықтырылып, заманауи цифрлық форматта шығарылысын деп облыс әкімінің орынбасарына ұсыныс тастап, Әлихан Бөкейхан рухын Республикалық, Халықаралық деңгейге көтеруіміз қажет деген орамды ойын айтты.

Қарағанды облыстық Қоғамдық кеңес мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор Болат Сыздық: «Тұңғышбай Мұқан ағамыздың еңбегі ерек. Жанына жақындапқан жастары ерен. Ағамыз айғай-шусыз, асығып-аптығусыз ауқымды іс жасапты. Риза болдым.



Қоғам мен билік бірлесе, ақсақалдар мен жастар жараса іске асырған құтты жоба. Қоғам белсенділері жақсы жосық, жасампаз жоба ұсына білсе, билік қолдамай қайда барады?! Міне, бүгін соның куәсі болдық. Билік тұтқасын ұстаған азаматтар Тұқана құрмет көрсетіп, жастарға жол ашып жатты. Облыс әкімінің орынбасары Ербол Әлікұл Алаш идеясын, арыстарын ардақтау, дәріптеу бағытында атқарылар жұмыстардың бір шетін шығарса, қалалық мәслихат хатшысы Құдайберген Бексұлтанұлы жақсы істердің жалғасты боларына сендірді, Бекзат Алтынбеков те алыстан сермеп, тереңнен тартып, ізгі істерді бірлесе атқаруға шақырды. «Қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!» Ә. Бөкейхан

деген көркем жазуды сона-ау шынар биіктен көрудің күні алыс емес-ау деп қиялдап кеттім. Сол жазудың астын ала, биік ғимараттың қабырғаларында Күнге бетін тосып, жүздерінен шуақ пашып Алаш арыстарының портреттері тұрса!,- деп қаланың орталығындағы көпқабатты үйдің төбесіндегі «Қарағанде образцовый порядок высококультиуру» жазудың орнына Әлихан бабамыздың рухты сөздері тұруы тиіс деген бастаманы тағы көтеруге ниетті екенін жеткізді.

1997-2001 жылдары Ақтоғай ауданының әкімі Төлужан Ахметбек-Фильм- ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның туған өлкесі Ақтоғай халқының өз ұлы боп туып, жетіле келе бүкіл қазақ қоғамының жоқтаушысы деңгейіне

«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес мінезден»- деп өзі айтқандай қайсар мінезді қайраткерлігін, осы жолда көрген қиындықтары, құжатты түрде, нанымды деректермен көрсеткен. Ер даңқын асыруда, еліміздің бодандық қамытынан босағанына бір жыл толмай жатып Ақтоғай елі, бүкіл республика көлеміне жар салып белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері және елден жырақ жүрген Әлиханның тума-туыстарын жинап, ең алғаш Әлихантандудың жолында қатып қалған сенді бұзып танымдық конференция өткізуі де айшықтаған. Бұл істің бастауында сол кезеңдегі аудан әкімі – Сағадат ағамыз тұрса, осы жауапты істің өз мәнінде өтуіне сүбелі үлес қосқан осы Тұңғышбай ағамыз еді. Бірақ, фильм авторы Тұңқа өзі тасада қалып, басқаның еңбегі мен сөзі мен ісін көрсетуде жомарттық танытуын үлкен жүректі азаматтығына және қарапайымдылық қасиетіне дәлел ретінде көзіңіз жетеді. Өзі: «Ғылыми еңбек емес»-деп айтқанымен, сан ғалымның ізденуіне азық болатын деректерді осы фильмнен табуға болады»,- деп осы фильмнің бас кейіпкері Т.Мұқанның Алаш мұрасын зерттеудегі талпыныстары мен батыл қадамдарын атап өтіп, өлшеусіз еңбек иесіне ризашылығын білдірді.

Міне, осылайша санамыз сілкініп, еңсеміз тіктеліп, ұлттық рухымыз ғаламат деңгейге көтерілген тарихи күннің куәсі болған ел азаматтарының берген бағасы осындай...

Зарина ӘШПРБЕК,
«Адырна» ұлттық порталы



Тәуелсіздікке тарту



Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды балалар жылы деп жариялаған болатын. Балалар жылына орай ел

жүйелі еңбек етуге және шығармашылыққа, эстетикалық талғампаздыққа тәрбиелеу. Көрме залының ашылу салтанатына

зейнеткер ұстаз Р.Бауымбековаға бұйырды. Көрме залы ашылғаннан кейін ішіне пашу папылып, мектеп оқушыларынан құралған күйшілер тобының күйімен және мектеп мақтаншы А.Төлеутай өнімен жалғасын тапты. Әрі қарай келген қонақтар көрме залына қойылған оқушылардың қолөнер бұйымдарымен танысып, тамашалады. Сонымен қатар

қойылымын көрермен қауымға ұсынды. Ертегі кейіпкерлерін оқушыларымыз өз қолдарымен жасап, тігіп дайындады. Алдағы уақытта көрме залы келешек ұрпақ мүддесіне қызмет етіп, арман-қиялдары бір жерге тоғысқан шеберлердің жылы ұясына айналмақ. Көрме залының ашылуына демеуші болған мектеп түлектері Ш.Алтынбеков пен



көлемінде әр деңгейде іс шаралар ұйымдастырылуда. Соның бір парасы Қазбек Нұржанова атындағы тірек мектебі (РО) КММ-де «Тәуелсіздікке тартуым» атты оқушылар шығармашылығы сурет және қолөнер көрме залының ашылуы.

Көрменің ашылуындағы мақсаты оқушыларды ұлттық қол өнерді жандандыруға, ісмер-икемділікке, еңбекке баулуға, ұқыштылыққа,

қарт зейнеткер ұстаз көркем еңбек пенінен ұзақ жылдар дәріс берген Р.Бауымбекова, қамқоршылық кеңес төрайымы Р.Жүнісбекова, мүшесі Г.Смағұлова, ауылдық округі әкімінің бас маманы С.Сағындықова, және мектеп ұстаздары мен оқушылары қатысты. Көрме залын ашу мектеп директоры міндетін атқарушы Ж.Азимбаева мен көркем еңбек пенінен ұзақ жылдар бойы дәріс берген қарт



оқушылар құрастырған роботтарды тамашалап, роботтар сайысына куә болды. Мектебіміздің педагог-зерттеуші, көркем еңбек пенінің мұғалімі И.Өшкееваның ұйымдастыруымен 6-сынып оқушылары «Бауырсақ» ертегі желісі бойынша қуыршақтар

көркем еңбек пенінің мұғалімі Н.Өбілғазы ағаларымызға алғысымыз шексіз.

А.Шардарбекова,
Қазбек Нұржанов атындағы тірек мектебінің 10-сынып оқушысы.

Бизнестің жол картасы-2025 бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру қағидалары

Жалпы ережелер

1. Осы "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру қағидалары (бұдан әрі – Мемлекеттік гранттар беру қағидалары) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексiне сәйкес өзiрлендi және шағын кәсіпкерлік субъектілерiне жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар берудің шарттары мен тегіні айқындайды.
2. Мемлекеттік гранттар беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) "Экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлерді индустриалық-инновациялық қызмет субъектілерін салалық қолдау" екінші бағыты шеңберінде жүзеге асырылады.
3. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар Бағдарламаға 2-қосымша сәйкес экономиканың басым секторларында шағын кәсіпкерлік субъектілерiне, оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өтесiз негізде берiледi.
4. Мемлекеттік гранттарды мемлекет Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі арқылы мемлекеттік гранттар беруге шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін іріктеу бойынша өткізілетін конкурстардың қорытындылары бойынша береді. Бұл ретте мемлекеттік грантты алуға арналған конкурсқа қатысу үшін Бағдарлама шеңберінде оқыту құрамдауыштары сертификатының болуы міндетті талап болып табылады.
5. Гранттар нысанында қолдау шараларын қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебін жүзеге асырылады. Мемлекеттік гранттарды беру мақсатында уәкілетті орган республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне аударады.
6. Бағдарламаны іске асыру мақсатында бөлінетін қаражаттың кемінде 20 %-ы халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын шағын кәсіпкерлік субъектілерiне мемлекеттік гранттар беруге бағытталыады.
7. Қаржы агенттігінің көрсетілетін қызметтеріне уәкілетті орган республикалық бюджет қаражаты есебіннен ақы төлейді.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар берудің тәртібі мен шарттары

8. Өз қызметін Бағдарлама шеңберінде жүзеге асыратын, осы конкурстық іріктеуге құжаттарын Мемлекеттік гранттар беру қағидаларының 20-тармағына сәйкес толық көлемде ұсынған кәсіпкерлер гранттар беруге арналған конкурстық іріктеуге қатысушы бола алады.
9. Бағдарлама шарттарына сәйкес келетін әрбір кәсіпкер бір бизнес-жоба бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін

мемлекеттік грант беру мақсатындағы конкурстық іріктеуге қатысушы бола алады.

Мыналар:

- 1) берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10%-ы мөлшерінде оны іске асыруға арналған шығыстарды кәсіпкердің, оның ішінде бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүлікпен (талап халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін міндетті емес) бірлесе қаржыландыруы (ақшалай қаражатпен);
- 2) жаңа жұмыс орындарын құру;
- 3) кәсіпкердің бизнес-жобасында инфрақұрылымның болуы және/немесе жобаны іске асыру үшін жеткілікті инфрақұрылым құру көзделген инвестициялық жоспардың болуы жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған бизнес-жобаның міндетті шарттары болып табылады.
10. Кәсіпкерлер жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант қаражатын мынадай мақсаттарға пайдаланады:
 - 1) тауарларды шығаруға немесе қызметтерді көрсетуге қажетті негізгі құралдарды, шикізатты және материалды сатып алу;
 - 2) материалдық емес активтерді сатып алу;
 - 3) технологияларды сатып алу;
 - 4) кешенді кәсіпкерлік лицензияға (франчайзинг) құқықтарды сатып алу;
 - 5) зерттеу жұмыстарымен және/немесе жаңа технологияларды енгізумен байланысты шығыстар.Кәсіпкердің бизнес-жобаны іске асыру мерзімі шартқа қол қойған кезден бастап 18 (он сегіз) айдан аспауға тиіс.
11. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант қаражатын:
 - 1) жылжымайтын мүлік және/немесе жер учаскесін сатып алуға;
 - 2) жалдау ақысы ретінде;
 - 3) үлестес/байланысқан компаниялардан/тұлғалардан негізгі құралдарды/активтерді сатып алуға (көрсетілетін қызметтерді алуға/жұмыстарды орындауға);
 - 4) бұрын қолданыста болған негізгі құралдарды (жабдықтарды) сатып алуға пайдалануға болмайды.Кәсіпкердің жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант қаражатын игеруі жеке тұлғадан автокөлікті сатып алу жағдайларын қоспағанда, кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелген контрагент шотына қолма-қол жасалмайтын төлем арқылы жүзеге асырылады.
12. Бір кәсіпкер үшін мемлекеттік грант сомасы 2 (екі) млн. теңгеден 5 (бес) млн. теңгеге дейін құрайды.
13. Мынадай:
 - 1) қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкроттық сатысындағы, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрған;
 - 2) салықтар мен мемлекеттік бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі бар;
 - 3) қызметінің негізгі түрі жылжымайтын мүлікті жалға беру болып табылатын;
 - 4) мемлекеттік грантты алуға өтінім берген кезде берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10 %-ы мөлшерінде бизнес-жобаны іске асыруға арналған

шығыстарды бірлесіп қаржыландыруды (ақшалай қаражатпен, бизнес-жобаға қатыстырылған жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен) растамаған (халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қоспағанда) кәсіпкерлерге гранттар берілмейді.

14. Конкурс өткізу үшін Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі басшысының шешімімен гранттың берілуіне үміткер кәсіпкерлердің өтінімдерін іріктеу жөнінде конкурстық комиссия құрылады және оның құрамы бекітіледі. Конкурссық комиссия қызметінің негізгі қағидалары кәсіпкерлер үшін тең жағдайлар жасау, сондай-ақ оларға қойылатын талаптардың бірізділігі, ұсынылатын құжаттардың зерттеудің жан-жақтылығы мен толықтығы, қабылданатын шешімдердің объективтілігі болып табылады.

15. Конкурссық комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және конкурстық комиссия мүшелерінен тұрады. Конкурссық комиссияның құрамы атқарушы билік, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің, салалық сарапшылардың, ғылыми-білім беру мекемелерінің, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті қатысуы арқылы қалыптастырылады.

Жергілікті атқарушы органдар мен қаржы агенттігінің өкілдері конкурстық комиссияға төраға бола алмайды.

Конкурссық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия отырыстарын ұйымдастыруды жүзеге асырады, атап айтқанда, төрағамен келісу бойынша отырыстардың өткізілетін орнын, күнін және уақытын айқындайды, конкурстық комиссия мүшелерін алдағы отырыс туралы хабарлар етеді, отырысты өткізу үшін қажетті материалдарды оның мүшелерінің назарына жеткізеді. Конкурссық комиссияның хатшысы оның құрамына кірмейді және шешім қабылдаған кезде оның дауыс беру құқығы болмайды.

Конкурссық комиссияның отырысына конкурстық комиссия мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, ол заңды деп есептеледі.

Конкурссық комиссияның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссия төрағасының дауыс шешуші дауыс болып табылады.

16. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі конкурстық комиссияның жұмыс органы болып табылды, ол:

- 1) облыстық өңірлік апталық баспа басылымында осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес бизнес-идеяларды қаржыландыруға арналған мемлекеттік гранттар беру мақсатында кәсіпкерлерді іріктеуге конкурс өткізілетіні туралы хабарландыру жариялауды жүзеге асырады;
- 2) Бағдарлама іске асырылатын бүкіл мерзімде кәсіпкерлерге грант түрінде мемлекеттік қолдау көрсету барысын өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жария етуді мерзімдік негізде қамтамасыз етеді;
- 3) кәсіпкерлерге конкурсқа қатысу мәселелері және оны өткізуге қатысты бар мәселелер бойынша, гранттар берудің

шарттары мен тәртібі туралы консультация береді;

4) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына сәйкес кәсіпкерлерден конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер мен оларға қоса берілетін құжаттарды қабылдайды;

5) конкурсты ұйымдастырады және өткізеді;

6) кәсіпкерлерді грант беру немесе оны беруде бас тарту туралы хабарлар етеді.

17. Конкурсқа қатысу үшін кәсіпкер конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша жеке өзі, пошта арқылы немесе өзінің өкілетті өкілі арқылы бекітілген нысан бойынша конкурстық өтінімді береді, оған басшы не оны алмастыратын адам қол қояды және кәсіпкердің мөрiмен (болған жағдайда) бекітіледі. Бұл ретте конкурсқа қатысу үшін кәсіпкер бір өтінім ғана береді.

18. Өтінімдерді қабылдау мерзімі мен орны конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетіледі.

19. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттарды алуға үміткер кәсіпкерлер Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне жүтінеді және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік гранттар беру бойынша конкурстық іріктеуге қатысуға арналған өтінім, ол Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің веб-порталына орналастырылады;
- 3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі/жеке кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама;
- 4) жүтінген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірiлмей берiлген бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқ екені туралы анықтама;
- 5) өтінім берілген кездегі жалдамалы жұмыскерлердің орташа саны туралы басшының қолымен және өтініш берушінің мөрiмен (болған кезде) расталған анықтама;
- 6) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бизнес-жоспар түрінде дайындалған бизнес-жоба;
- 7) ескіру мерзімі 2 (екі) жылдан аспайтын, Бағдарламаның және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қараша № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" бағдарламасының шеңберінде кәсіпкердің оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 8) кәсіпкердің атынан өтінім беру құқығына сенімхат, сенім білдірілген адам паспортының көшірмесі (заңды тұлғаның атынан – заңды тұлға куәландырыған);
- 9) берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10 %-ы мөлшерінде бизнес-жобаны іске асыруға арналған шығыстарды бірлесіп қаржыландыруды (ақшалай қаражатпен, бизнес-жобаға қатыстырылған жылжымалы/жылжы-

РУХАНИ
ЖАҒҒЫРУ



Алыптар арасы

Абайдың тетелес інісі, өлеңжырдың өрен жүйрігі Жамбыл Жабаевтың 1940 жылы жазған шағын арнау өлеңі бар. Үш шумақтан ғана тұратын бұл туынды “Абайдың суретіне” деп аталады.



Мынау тұрған Абайдың суреті ме?
Өлең-сөздің ұқсаған құдіретіне.
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Өр Абайдың төтеген кім бетіне?
Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Өлеңменен өлмейтін салған нұсқа.
Арғын, Найман сөзіне таңырқаған
Қандай арман бар дейсің бұл туыста!
Терең ойдың түбінде теңізі бар,
Тесіле кеп қарасаң көңіл ұғар.
Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей,
Есіл сабаз ызамен өткен шығар!..

Қысқа өлеңнің қызуы басым. Абайдың суретіне қарап тұрған Жамбыл ақын өлең-сөздің құдіретін асқақтатқан хакімге қайран қалып, оның өр тұлғасының алдында өзінің өлі де шәкірт екенін мойындайды. Ақыл, қайрат, білімді таразыға тең тартқан ұстаздың өлең өлкесіндегі өлмес ескерткішін айта келіп, Абай замандасының танымалдығына тағы да тамсана түседі. Теңіздің түбіндегі терең ойды тесіле қараған адам ғана көреді. Сол мөп-мөлдір маржанды көп оқыған адам ғана ала алады. «Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей, Есіл сабаз ызамен өткен шығар!..» деп Абаймен қоса қынжылады.

Шағын да шымыр шығармада Абайға деген құрмет тұнып тұр. Бұл арнаудан ұлы ақынның классикалық өлеңдері мен өндерін, қара сөздері мен аудармаларын жоғары бағалаған адамның жан ләбізін, көңіл толқынысын көреміз.

Өлеңнің жазылған мерзімі – 1940 жыл Тарихқа тарғыл таңбасын салған екінші дүниежүзілік соғыстың алдындағы бұл кезең қазақ руханияты үшін өте ауыр уақыт еді. Сонау 1920 жылдардан басталған “кеңестік қызыл машина” қазақ халқының мәйегін құртып, қаймағын қалқып алған тұс. Тоталитарлық жүйенің тоғышарлары, білімсіз большевиктер, пайымсыз — парықсыз пенделер тірілер түгілі, марқұмдардың да мазасын алып жатқан мезгіл еді. Ұлтымыздың ұлы ақыны, ірі ойшыл, хакім Абайды “үстем тап өкілі, феодал, байшы” деп

қаралап жатқанда, 1930 жылдардың сұм саясатымен әулие Құнанбайдың әулетін әурелеп, текті тұқымның тоз-тозын шығарған шығалаң кез еді ғой. Кеңес әдебиетінде “социалистік реализмнің” дәуірлеп тұрған уақытында Абайға арнап мұндай өлең жазу – 94 жастағы қарт Жамбылдың үлкен ерлігі екендігі даусыз.

Студент кезімнен Абай мен Жамбыл жайлы бір дерек есімде қалып қойыпты. Жамбыл Жабаевтың қартайған шағы екен. Бірде қазақ әдебиетінің классиктері арасында Абайдың шығармашылығы жайлы өңгіме қозғалады. Олар қазақ жазба әдебиетінің негізін салған Абайды мейлінше мақтап, өз ойларын ортаға салып отырғанда, араларында Жәкең ғана сабыр сақтап, үнсіз қалады. Бірі: «Жәке, Абайға деген сіздің көзқарасыңыз қалай?» деп қалады. Жамбыл өлгі адамға бұрышып: «Ее, Абай ма, ол – ақын емес қой...» деп қойып қалады. Оны естіген бөрінің бастары салбырап, іштерінен “мына шал құртты-ау” деген ойға қалады. Сәл үнсіздік орнайды. Жәкең жан-жағына қарап: «Абай – ақын емес, – дейді тағы қайталап, – Ол – поэзия пайғамбары ғой!»

– депті жанарынан жалын паша. Осы сәтте отырғандар “ух” деп дем алып, ду қол папалақтап, бір жасап қалған екен.

Бұл – Абай мен Жамбылдың, яғни, екі алыптың арасындағы сыйластықтың, қиастықтың бір қасиетті құсы секілді кішкене ғана деталь, шағын штрих қана болуы мүмкін. Әңгіменің реті үшін айтылды.

Шын мәнінде, жырау Жамбылдың ұлы Абайға арнаған бір ғана өлеңінің өзі үлкен ойларға жетелейді. Жамбыл Абайдың суретіне үніле отырып, оның ұлылығын таныған.

Ендеше, Абайдың құдіретті әлемін, феноменін түсіну үшін хакімнің шығармаларын бірнеше рет оқып шығу жеткіліксіз. Сонымен қатар, Абайға, оның айналасына арналған туындыларға да зер салып, ой түйген абзал.

Әлімжан ЖАҚАН,
Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың
журналистика кафедрасының аға
оқытушысы.

«Орталық Қазақстан»
газеті сайтынан алынды

Хабарландыру

«Тасарал соль» АҚ Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 58-бабының 2-тармағының және 73-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес 2023 жылғы 06 қаңтардан 20 қаңтарға дейін Бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) «Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Ексор ас тұзы кен орнында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарын жою жоспары (түзету) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімімен» жобасы бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады. Жобалық құжаттама пакетін ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады.

Объявление

ТОО «Тасарал соль», в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 06 января по 20 января 2023 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту «План ликвидации последствий проведения операций по недропользованию на месторождении поваренной соли Ексор в Ақтоғайском районе Карагандинской области (корректировка) с разделом «Охрана окружающей среды».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

Жарамсыз деп табылсын

Дара кәсіпкер Ж.Кульбаеваның атына берілген «Миника 1102 Ф» маркалы, завод номері 1529599, 03.05.2018 жылы пайдалануға берілген бақылау кассасы аппаратының жоғалуына байланысты жарамсыз екенін хабарлайды

(Соңы. Басы -бетте.)

майтын мүлікпен) растайтын құжаттар, кәсіпкердің ағымдағы шотында ақша қаражатының бар екені туралы банк шотынан үзінді көшірме немесе бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжаттар (халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қоспағанда);

10) өтініш берушіде халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызу мәртебесінің болуын растайтын құжат.

Кәсіпкер Бағдарламаға қатысу үшін өтінімді дайындау және құжаттарды жинау мәселелері бойынша консультациялық қолдау алу үшін Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне жүгіне алады.

20. Өтінімдерді қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде аяқталады. Белгіленген мерзім шеңберінде келіп түскен әрбір өтінім нөмір беріліп, өтінімдерді қабылдау журналына тіркеледі, құжаттардың берілген күні мен уақыты көрсетіледі. Кәсіпкердің әрбір өтінімінде күні мен уақыты көрсетіліп, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің қабылданғаны туралы белгі жасалады.

Кәсіпкердің электрондық өтінімді "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру тәртібі

21. Кәсіпкер жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік грант алу үшін "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінген кезде осы Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантты алуға конкурстық іріктеуге

қатысуға электрондық өтінім толтырады және мынадай электрондық құжаттар топтамасын қоса тіркейді:

1) ескіру мерзімі 2 (екі) жылдан аспайтын, Бағдарламаның және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қараша № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" бағдарламасының шеңберінде кәсіпкердің оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) кәсіпкердің ағымдағы шотында берілетін мемлекеттік грант көлемінің 10 %-ынан кем емес ақша қаражатының бар екені туралы банк шотынан үзінді көшірме немесе бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжаттар (халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қоспағанда).

22. Кәсіпкер құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ақпараттық жүйе кәсіпкердің өтінімін тіркеуден бас тарттады.

23. Кәсіпкер туралы мәліметтер, оның ішінде заңды тұлғаны тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік және (немесе) жеке кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама, заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің қызмет түрлері туралы мәліметтер, тарату, қайта ұйымдастыру немесе банкроттық сатылары туралы, сондай-ақ қызметті тоқтату туралы мәліметтер, бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша қарыздың бар/жоқ болуы туралы мәліметтер, жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің болуы туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде айқындалады.

24. Кәсіпкердің электрондық өтінімі ақпараттық жүйе

арқылы тіркелгеннен кейін мынадай іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

1) құжаттардың толықтығын тексеру;
2) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне тіркелген өтінімді толықтығы және Бағдарламаның шарттарына сәйкестігі тұрғысына қарауға жіберу;
3) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің кәсіпкерден түскен өтінімді қарауы.

25. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі 2 (екі) жұмыс күні ішінде жобаны деректердің анықтығы мен Бағдарламаның шарттарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Кәсіпкер және/немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар, объектілер, деректер мен мәліметтер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі өтінім тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде кәсіпкерге жазбаша дәлелді бас тарту жібереді.

26. Егер кәсіпкердің өтінімі мемлекеттік гранттар беруге өтінімдер қабылдау мерзімі өткенге дейін мақұлданса, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі кәсіпкердің өтінімін күту парағына орналастырады.

27. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға бағытталған кәсіпкерлерден түскен өтінімдерді қарауды аяқтағаннан кейін ақпараттық жүйе арқылы "электрондық үкімет" веб-порталында өтінімді тіркеу тәртібінде кәсіпкерлердің мақұлданған өтінімдерінің тізбесі қалыптастырылады.

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі.

Аудан айнасы – ардагер спортшы

Қазақ халқының дене тәрбиесіне, оны шынықтыруға, ептілікке, денсаулықты, көңіл-күйді көтеруге арналған осы кездегі дене тәрбиесі мен спорт нышаны ерте заманда-ақ халық көдесіне жараған.

Тарих парақтарына үңіле отырып айтар болсақ, Түрік қағандығы дәуірінде Қазақстан жерінде көптеген қалалар салынып, мәдени орталықтар бой көтерді. Көне Таразда өнші-күйшілер,



шабандоздар, садақ тартушылар, балуандар, басқа да күш өнерін көрсетушілер бас қосып отырған. Сонымен қатар, Орта Азия мен Қазақстан жерін жаулап алған Араб халифаты ислам дінін уағыздаумен қатар, шахмат (шатрандж) ойынының таралуына, оның дамуына айтарлықтай ықпал етті. Сөйтіп, көшпенді деп аталып келген қазақ халқы дене тәрбиесін, оның ішінде спортты дамытуға көңіл бөлгені байқалады. Ежелден садақ тарту, бөйге, сайыс, күрес, аударыспақ сияқты спорт түрлерімен айналысқан қазақ халқы басқа да спорт түрлерімен айналысу арқылы өздерінің рухани байлықтарын жетілдіріп, толықтырып отырған. Халық өзіне лайықты деп санаған ұлттық спорт түрлерін, өртүрлі дене жаттығуларын үнемі жетілдіріп келген. Әр рудың, әр жүздің, әрбір хан мен бай-манаптың, болыс-бектің өз балуаны, өз мергені, өз сөйгүлігі болған. Олар бөйге-жарыстарда ірі рулардың намысын қорғаған.

Кешегі күннен керуен тартып жеткен осынау ұлттық спорт ойындары өзге де

елдердің спортымен ұштаса келе бүгінгі күнде көрініс тауып отырған жаңаша сипатқа ие болды. Қашаннан зерек хәм зейінді, бейімделгіш қазақ халқы төл өнерінен бөлек, өзге де спорт түрлерін игере алды.

Бақсаңыз әр өңірдің өзіне төн қадір-қасиеті, өзінің табиғи әрі адами болмысына сайма-сай өнері, артықшылығы болады. Сол секілді өзіміздің Ақтоғайдың да өзге аймақтардан дараланып, бәсі биік болатын тұстары көп. Мәселен, «Ақтоғай» деген бір ауыз сөздің ішіне замананың заңдарлары Әлихан, Әлімхандар мен тұтас Одақты аузына қаратқан К.Байсейітова, М.Ержанов секілді нәлер дүлдүлдер, аспанмен астасқан Ақсоран, толқынымен тербетіле отырып, Балқашқа бас ұратын Тоқырауын сыйып тұр. Бұдан бөлек, ілгеріде ақтоғайлықтар тоспа доп ойынынан да топ жарып, «волейбол» десе Ақтоғай еске түсетін уақыттар да болған деседі. Ардагер спортшыларымыз биікке шығарып кеткен осынау спорт дәрежесі бүгінгі күнде де етекке түскен жоқ. Аудан спортшылары әр деңгейдегі спорттық додаларда шама-шарқынша туған жер намысын төмендетпек емес. Сол кезде аға буын салып кеткен сара жол қазіргі уақытта енді спортқа қадам басқан жас өренді жеңіс биігіне жетелейтін дара жол.

Деген шағында өзінің бар білігі мен уақытын салауатты өмір салтына арнап, аудан спортының дамуына айтарлықтай сүбелі үлес қосқан жанның бірі хәм бірегейі – Аспандияр Мұқанов. Ел арасында Асан атанып кеткен ағамыз бүгінгі таңда зейнет жасына бет бұрса да аудан көлемінде өтіп жататын спорттық шаралардан қалыс қалған емес. Оны талай мәрте көзімізбен де көрдік. Орта бойлы, дене бітімі жинақы Асекенді қазіргі уақытта да додаға салып жіберсең қарап тұратын емес. Кейіпкеріміз жуырда ғана асқаралы алпысты артық тастап, желкенін керген жетпістің биігіне шықты. Осыдан бірер апта бұрын Асан ағаның өзімен жүзбе-жүз отырып, сұқбаттаспақ болғанбыз, алайда сәті түспеді. Болмағасын қоңырау шалып, телефон арқылы тілдестік. Сөз арасында мән-жайды айтып, мақала жариялауға ниетті екенімізді білдірдік. Қанға біткен қарапайымдылыққа салып «Қарағым, бұл қалай болар екен? Жария қылмай-ақ қойсандар болмай ма?!» деп телефонның

ар жағынан күлді. Бергі беттен біз де жата жармасып, жанын қоймадық. Қош сонымен ағамыз құп алып, өзінің күні бүгінге дейін жүріп өткен өмір жолына бір көз жүгіртіп, өңгімесін бастап та кетті.

- Мен 1952 жылы өзіміздің Ақтоғайда жарық дүниеге келдім. 12 қарашада туыпшын. Адам өмірінің алғашқы баспалдағы саналатын балалық шақ осы Шатырша мен Тоқырауынның арасында өтті ғой. Ол уақытта адамның адамға деген пейілі де кең, заман да бейбіт болыпты ғой. Коммунизмді орнатамыз деп жүргендер коммунизмнің өтіп кеткенін да аңғармапты. 1959 жылы М.Горький атындағы орта мектепке қадам басып, аталмыш мектепті көп қатарлы тәмамдадым. Ауылдағы білім ұясынан түлеп ұшқаннан кейін құжаттардың басын жинап, Балқаш шөріндегі №20 кәсіптік-техникалық училищесіне оқуға түстім. Жұмыр басты пенденің ең бір қызықты да керемет шағы – студенттік кезең. Оны студент болған кез-келген жанмақұлдайды. Сонымен, қалаға оқуға түсіп жігіт болып, жан-жағымызға қарап, етек-жеңімзді жинап өз-өзімізге жауапкершілікпен қарай бастадық. Әуелгіде өзім секілді аймағымыздағы әр ауылдан келген кіл қатпа қара балалар бір-бірімізді жатырқап, тіл табыса алмадық. Алайда, қазақта «жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» деген сөз бар емес пе?! Уақыт өте келе жұбымыз жазыпмайтын досқа айналдық. Сонымен араға жылдар салып, аталған оқу орынын да аяқтап, қолыма күректей диплом алдым. Ол уақытта оқуын бітірген жастарды теңселтіп бос жүргізбейтін. Оқу бітісімен Кеңес Армиясының қатарына ілігіп, 1970-1972 жылдары Отан алдындағы борышымды өтеп келдім.

Қарағанды дене тәрбиесі және спорт техникумын үздік белгімен аяқтап, еңбек жолымды 1972 жылы Ақтоғай ауданының №9 Бірлестік сегізжылдық мектебінде дене тәрбиесі мұғалімі болып бастадым. Екі жылдан кейін аудандық спорт мектебінің жаттықтырушысы, 1975-1978 жылдары Н.Әбдіров мектебінде мұғалім және интернат меңгерушісі, 1978-1987 жылдар аралығында аудандық спорт комитетінің төрағасы секілді қызметтерді атқардым. Аллаға шүкір шыққан бәлесім аз емес. Талай жыл әр деңгейдегі басшылық қызметтерді атқардым. Жасаған еңбегіме сай талай жерде атым аталып, құрметке ие болдым.

1978-1983 жылдары екі мәрте аудандық комсомол комитетінің бюро мүшесі болып сайландым. 1980 жылы Москвада өткен жаздық XXII-ші олимпиадаға туристік жолдама арқылы қатысудың сөті түсті.

Осы орайда ерекше айта кетерлігі 1989 жылы Одақ кіндігі Мәскеуде өткен кәсіподақтардың I Бүкілодақтық жұмысшылар спартакиадасына Жезқазған облысының намысын қорғаған ауданның волейбол командасын бастап барып, бас-аяғы 226 команданың арасында 9-10 орындарды иемденіп, Қазақстаннан қатысқан 34 команданың арасында үздік нәижеге қол жеткіздік.

Тоқсаныншы жылы өткен ауданның 60 жылдық мерейтойында спорт мамандарын тартып, өзімнің басымда піскен, иі қанған жобаммен Ақтоғай ауылында тұңғыш 800 орындық көрермендерге арналған стадион салдыруға ұйытқы болдым.

Осылайша шамамыз жеткенше ауданымыздың абыройын асқақтатайық деп жұмыс жасадық. Қазіргі уақытта аудандық ардагерлер ұйымы алқалық мәжілісінің мүшесіміз, – деп сөзін түйіндеді Асан аға.

Деген шағында аудан спортын біршама биікке сүйреген ағамыз жасаған еңбегіне қарай аудан спортына жасаған еңбек және пығарамашылық үлестері үшін Жезқазған облыстық кәсіподақ комитетінің, аудан әкімінің Құрмет грамотасымен және Қарағанды облыстық ардагерлер ұйымының грамотасымен марапатталған. Сондай-ақ, 2021 жылы аудан әкімінің Алғыс хатымен және жуырда ғана ҚР Президентінің Алғыс хатына ие болды.

Аудан мақтанышы Асан ағамыз жары Тамара Молдина екеуі 2 ұл 2 қызды тәрбиелеп, өсіріп-жеткізді. Бүгінде балаларының барлығы өртүрлі салада екі тізгін бір шылбырды қолға алып отыр.

Қазір Алланың берген нәмерелерінің ортасында солардың қызығына тоймай отырған жайлары бар.

Бүгін бір ауданның спортының пұшпағын илеген Аспандияр ағамыз мінезі біртоға, әй-шайда, қақ-соқта шаруасы жоқ адам. Екі қоғамның куәсі болып, әр уақытта да салауатты өмір салтын жанына серік еткен ағамызды оқырман қауымға, әсіресе спорт табалдырығына жаңа аттаған жас өренге өнге болсын деген мақсатпен қалам тербедік. Қалғаны оқырманның өз еңісінде.

Е.АЙТЖАН



Жерлесіміз Қазақстан чемпионы



Қазақта елін-жерін, халқын жан жүрегімен сүйген, ұлтының азаттығы мен теңдігі жолында шыбын жанын құрбан еткен атпал азаматтар аз емес. Сондай азаматтардың бірі - ұлтының басына сын сағат туғанда жас болса да бас бола білген, әділетсіздікке қасқая қарсы тұрып, азаматтық мінез танытқан «Халық қаһарманы» - Қайрат Рысқұлбеков.

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Семей қаласында дзюдо күресінен 2003-2004 жылы туған жастар арасында халық қаһарман Қайрат Рысқұлбековты еске алуға арналған республикалық турнир болып өтті.

Аталмыш чемпионатқа еліміздің түпкір-түпкірінен білекті де жүректі жас балуандар қатысқан. Кіл мықтылардың басын қосқан



байрақты бөсекеде 73 келі салмақ дәрежесінде Қызылжар ауылының тумасы Бекслан Сатыбалдин бақ сынап, аймақ абыройын асқақ етті. Жарыс жолында барлық қарсыласын айқын басымдықпен жеңіске жеткен Бекслан Қазақстан чемпионы атанды.

Елдік мөреден жүлделі оралған жас балуан арқаны кеңге салмай, спорттық бабын сақтап қалу үшін дайындығын тоқтатпайтынын айтады. Алдағы уақытта да ел байрағын өлем алдында төбеге көтергісі келеді.

Жауырыны жерге тимеген жампоз балуанды жеңісімен құттықтап, алдағы уақытта да биік белестерді бағындыруына тілектеспіз.

Өз тілшімізден

Дүние жалған



Жаны жайсаң жан еді,
«Өлді» - деп қалай айтарсың?
Қолыңнан бар келері,
Басына барып «тәу» етіп.
Бағыштап дұға қайтарсын.

Ғайып ғұмыр, Алланың өлшеп берген алдамшы өмірі. Туған ауылында өнегелі өмір жолынан өтіп, жетпістің жайлауында шалқып, зейнеткерліктің мамыражай рахатын көріп, кемел жастың шыңына енді аяқ басқан шағында бірімізге аға, енді бірімізге бауыр, қимас дос **Қасымов Серікбайдың** келместің кемесіне отырып, мәңгілік мекені жер анаың құрсағын мекендегеніне 2023 жылдың 19 қаңтарында бір жыл болады.

Кеше ғана ортамызда жарқырап жүрген еді, «өлді» деге қимайсың. Жүйіктің жүйріктей зулап өтіп жатқан қайран уақыт.

Жыл өтті досым сені көрмегелі,
Өмірің ізгіліктің өрнегі еді.
Сұм ажал жетегінде кете бардың,
Ортамыз ойсырайып қала берді.

Қайран дос! Ақтоғайдың киелі топырағында өмірге келіп, саналы ғұмырың, білімі мен күш жігерін ауданның әлеуметтік-экономикалық әлуетінің дамуына, халқына қызмет көрсетуге арнаған сыйлы да, құрметті азамат Қасым ақсақалдың қара шаңырағының түтінін түтетіп, өмірінің жалғасы болған жалғыз ұлы Серікбай Амангелді ауылдық округінің Ақтүмсық ұжымшарында дүниеге келген. Тірі жүргенде 2023 жылдың 1-ші қаңтарында 75 жасқа толар еді.

Табиғатынан тнымсыз, тиянақты, сыныққа – сылтау іздей білмеген, мәрт мінезді Серікбайдың өмірдегі бірегей бет бұрысы өзі туып – өскен қазіргі Шабанбай би ауылынан бастау алып, еңбек жолын 1966 жылы Қаратал кеңшарында механизатор болып бастаған. Күнге күйіп, шығырмақ суықта шыңдалған ауыл баласы бірер жылда-ақ жарқырап көзге түскен.

1971 жылы Долинка кентіндегі «Кеншар техникумын» бітірген соң еңбек жолын

өз ауылында мастер-баптаушы, механик, М.Т.М менгерушісі болып жалғастырған. Қаратал кеңшарында бас инженер-механик, Еңбек кеңшарында бас инженер-механик. 1987 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, жоғары білім алған. Қызылжар кеңшарында партия комитетінің хатшысы, ссы кеңшардың директоры лауазымында қызмет атқарған. Еңбек ұжымдық кәсіп орнының төрағасы, Қарамөңде би ауылдық округінің әкімі. Аудан әкімі аппаратының «Төтенше жағдайлар» жөніндегі бас маманы. 2010 жылы «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және автомобиль жолдары бөлімінің» бас маманы лауазымында қызмет атқарып жүріп зейнеткерлікке шыққан.

Аудандық партия комитетінің пленум мүшесі, ауылдық кеңестердің депутаты болып бірнеше дүркін сайланған. Облыстық, аудандық партия комитеттерінің «Құрмет грамоталарымен», Алғыс хаттарымен марапатталған. «Еңбек үздігі» төс белгісінің иегері.

Алғыс-бата халқыңнан алып кеттің,
Ұрпағыңа даңғыл жол салып кеттің.
Туған-туыс, дос-жаран айта жүрер,
Ізгіліктің шырағын жағып кеттің.
Дүние жалған. Адам бір көшкен керуен дегендей қадірлес, сыйлас досымыз болған Секеннің ұл-қыздары, күйеу балалары мен келіндеріне, аяулы жары, немерелерінің әжесі, шаңырағының от анасы Мәриям Махамбайқызына ұзақ ғұмыр, зор денсаулық берсін. Жасамаған жасын жасап, көре алмай кеткен қызығын тамашалауды Алла сіздерге нәсіп етсін.

Әкеңіз өнеге қылып қалдырған тіршілігіндегі жақсы қасиеттері жұғысты болсын.

Артында еске алып, дұға бағыштайтын ұрпағы бар адамды «өлді-өштің»-демейді екен. Ендеше Секеннің артында:

Сағынып еске алатын,
Айжаны мен Маржаны бар.
Шаңырақтың жалғасы,
Жасулан мен Мейрамдар бар.
Тілеуін тілер ұрпақтың,
Мариямдай асыл жар барда,
Сіз барсыз, сіз ұмытылмайсыз,-дей келіп, мәңгілік мекеніңіз, жер бесігіңіз жайлы, топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта, төніңіз рахатта болып, Алланың рахметі, Пайғамбардың шапағатына бөленіңіз деп тілейміз.

Біз үшін орны бөлек Серікбайдың жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.
Өмір – өзен жылжып ағып жатады,
Ортамызда жүрмегенің жанымызға батады.

Сағынышпен еске алушылар: достары, бауырлары, аға-апалары – Алысбай-Торғай, Байзақ, Қайыркұл-Шәмши, Жаңагүл, Нұрқайша, Секен-Света, Бекен-Қапиза, Марлан-Нұрсұлтан, Шәріп-Гүлсәния, Сәкітай-Зоя.

Еске алу

болуын тілейміз.

Алақаның мамықтай жұмсақ еді,
Шебер қолың халыққа ортақ еді.
Сабырлы едің, туысқа қамқор болған,
Қайран анам үйімнің берекесі еді.
Бір Аллаға жалбарынам, тілеп дұға,
Жәннат төрін нәсіп етші анамызға.
Ақыретте Рабыңның дидарын көр,
Сегіз жұмақ қақпасын ашсын Алла.

2023 жылғы 7 қаңтарда сенбі күні сағат 13.00.-де Қарағанды қаласы, Мұқанов көшесі 28/1, «Фараби» мейрамханасында анамызға жылдық ас беріп, ҚҰРАН ХАТЫМ бағыштаймыз.

Хабарлаушы: балалары, бауырлары, немерелері.



Сәуле ауылының тумасы марқұм Мерғазы өкеміздің жұбайы **Едебекқызы Секер** анамыздың бұл фөниден өткеніне 2023 жылдың 4 қаңтарында 1 жыл болады. Анамызды сағынышпен еске алып, Алладан Фирдаус жәннатында


«Мобильді ХҚО» қосымшасы арқылы ЭЦҚ және басқа да жиі сұралатын қызметтерді алуға болады

Енді ЭЦҚ алу үшін ХҚО-ға барудың қажеті жоқ. «Мобильді ХҚО» қосымшасында ХҚО операторымен бейнеқоңырау арқылы байланысып, ЭЦҚ-ға үйден шықпай-ақ тапсырыс беруге болады.

Бұған дейін компьютері жоқ қазақстандықтарға ЭЦҚ алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына баруға тура келді. Халықтың өтінішіне құлақ асып, Мемлекеттік корпорация жеке және заңды тұлғалар үшін «Мобильді ХҚО» қосымшасында ЭЦҚ алу мүмкіндігін енгізді. Ол үшін қосымшаға кіріп «бейне қызметі» батырмасын басу керек. Оператордың қосылуын күтіңіз, ол жеке куәлік

пен SMS арқылы келген кодты сұрап, өтінімді қабылдайды. Сондай-ақ, аталған

жерлеуге арналған бір реттік төлемдерді тағайындау, көп балалы отбасына



қосымшада жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын және жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортының телнұсқасын беру, баланың тууына және бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындау,

жәрдемақы тағайындау, тұрғын үй көмегін тағайындау секілді ең көп сұралатын қызметтер де бар. Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қызметтерін де алуға болады.

Қосымшаны Google Play және App Store онлайн-дүкендерден жүктеп алуға болады.

Еске алу



Смаханов Наурызбай
(1962-1996ж.ж.)



Қыдуақасұлы Тайтөлеу
(1961-2002ж.ж.)



Хайруллин Әбдірахман
(1962-2005ж.ж.)



Малғабыева Сәкен
(1962-2007ж.ж.)



Мәжетаев Жұмагелді
(1962-2009ж.ж.)



Төкішева Гүлшара
(1962-2010ж.ж.)



Нұрғалиева Нұржамал
(1960-2015ж.ж.)



Жанкин Ерғазы
(1960-2018ж.ж.)



Сейітқалиев Өмірсерік
(1962-2021ж.ж.)

Ақтоғай ауылының қазіргі Ә.Бөкейхан бұрынғы М.Горький атындағы орта мектепті 1979 жылы бітірген достарымыз Смаханов Наурызбай, Қыдуақасұлы Тайтөлеу, Хайруллин Әбдірахман, Малғабыева Сәкен, Мәжетаев Жұмагелді, Төкішева Гүлшара, Нұрғалиева Нұржамал, Жанкин Ерғазы, Сейітқалиев Өмірсерікті сағынышпен еске ала отырып, жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа, рухтары пейіштің нұрына малынсын деп дұға жасаймыз. Бір сыныпта оқып, қияға қанат қаққан құрбы-достарымыздың қатары сиреп, біразынан көз жазып қалдық. Көзден таса болғанымен сыныптастарымыз әлі де көңіліміздің төрінде. Сыныптастарымыз биыл алпыстың асқарына шықты. Барлығымыз мерейтойларымызды бірге тойлап, қуанышымызды бірге бөлісер едік. Кешегі бір мектепте құлын-тайдай тебісіп, шұрқырап бірге өскен достарымыздың бейнелерін еске алып, тағзым ету біздің достық парызымыз деп білеміз.

Қайтып келмес бір жүрген жылдарымыз,
Айтып келмес ажалдың құрбанымыз.

Жатқан жерлерің жайлы болсын сыныптастар,
Қабыл болсын біздің дұға қылғанымыз.

Еске алушылар: Ақтоғай ауылының Ә.Бөкейхан (М.Горький) орта мектебінің 1979 жылғы 10 «В» сынып түлектері.

